

Мұғалжар селосының әкімінің 2011 жылғы 25 қазандағы № 16 "Мұғалжар ауданы Мұғалжар ауылының көше атауын қайта атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Мұғалжар ауылының әкімінің 2015 жылғы 6 ақпандағы № 5 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 наурызда № 4232 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына сәйкес Мұғалжар ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мұғалжар селосының әкімінің 2011 жылғы 25 қазандағы №16 "Мұғалжар ауданы Мұғалжар ауылының көше атауын қайта атау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-9-156 тіркелген, 2011 жылғы 22 қарашасында аудандық "Мұғалжар" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

орыс тіліндегі шешімнің кіріспе бөлімінде "пункт 2 статьи 16" сөздері "пункта 2 статьи 16" сөздерімен ауыстырылсын;

шешімнің мемлекеттік тіліндегі атауында "көше" сөзі "көшелер" сөзімен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мұғалжар ауылының төмендегі көшелері:

Карьерная көшесі – Кеншілер көшесі

Привокзальная көшесі – Теміржолшылар көшесі

Центральная көшесі – Құлқай Әулие көшесі

Школьная көшесі – Ынтымақ көшесі

Советская көшесі – Достық көшесі

Заводская көшесі – Зауыт көшесі деп қайта аталсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар ауылының әкімі

Ғ.Дәрімбетов